



№23 (1657)
5 қыркүйек
2017 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

Ғалым МҰТАНОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры:

ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР МЕН СТУДЕНТТЕР! БАРШАҢЫЗДЫ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСТАЛУЫМЕН ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!

Биылғы оқу жылы еліміздегі аса ауқымды шара – ЭКСПО-2017 дүниежүзілік көрмесі күндерімен тұспа-тұс келіп отыр. Қазақстан халықаралық қоғамдастық назарына «Болашақтың энергиясы» тақырыбын ұсыну арқылы ғылыми прогрестің бел ортасында болуды мақсат ететіндігін білдірді. Заманымыздың озық ойлы азаматтарының жетістіктерін бүгінде үш миллион адам тамашалады. ҚазҰУ ғалымдары да ЭКСПО көрмесіне өз жобаларын ұсынды.

Елбасы айтқандай, «білекке емес, білімге сенетін заманда» білікті маман, отаның азамат тәрбиелеудің маңызы зор. Осы жауапты міндетті іске асыруда еліміздің жетекші оқу орны ретінде ҚазҰУ білім беру мен ғылымның озық үлгілерін қолдануда. Университеттің QS халықаралық рейтингінде әлемнің 250 ең үздік университеті қатарынан табылуы сөзімізге дәлел. ҚазҰУ Орталық Азиядағы теңдессіз көшбасшы университет позициясын жыл сайын нығайтып келеді. Ұлттық рейтинг бойынша университет жыл сайын көш басында. Биыл төрт мыңнан астам мектеп түлектері ҚазҰУ-да білім алу грантын жеңіп алды, олардың көбі – «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық және республикалық олимпиада жеңімпаздары. Қазақстандық жоғары білім беру тарихында ешқандай оқу орны бұрын-соңды мұндай нәтижеге қол жеткізбеген. Бұл талапкерлердің саналы әрі мақсатты таңдауын, ҚазҰУ-ға деген қоғамдағы жоғары сенімді айғақтайды.

ҚазҰУ танымалдылығының артуына спортшы жастарымыз да өзіндік үлес қосуда. Тайваньның Тайбэй қаласында өткен XXIX жазғы универсиада ойындарында ҚазҰУ спортшылары ел құрамасы қоржынына төрт медаль салып, мерейімзді асырды.

Құрметті қазулықтар, толағай табыстармен басталған жаңа оқу жылы баршаңыз үшін жемісті болғай! ҚазҰУ ұжымына жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берудегі қызметтеріңізге шығармашылық шабыт, отбасыларыңызға амандық-саулық тілеймін! ҚазҰУ табалдырығын алғаш аттаған студент-жастарға сәттілік жолдас болсын! Отанымыздың жарқын болашағы әрбір азаматтың білімі мен біліктілігі, жауапкершілігіне тікелей байланысты екенін ұмытпайық!



КАЗНУ – ЛИДЕР ПО ГРАНТАМ СРЕДИ ВУЗОВ

Казахский национальный университет имени аль-Фараби стал абсолютным лидером среди вузов страны по количеству полученных грантов на обучение. Более четырех тысяч ста лучших выпускников школ в этом году получили гранты на обучение в КазНУ, значительная часть из них обладатели знака «Алтын белгі», победители международных и республиканских олимпиад.



За всю историю казахстанского высшего образования такого результата не добивался ни один вуз. КазНУ значительно опережает по количеству грантов другие высшие учебные заведения. Такой результат свидетельствует о высоком доверии в обществе по отношению к КазНУ, осознанного и целенаправленного выбора абитуриентов.

Сегодня качественное образование является важным жизненным приоритетом для молодежи. В этом году поступающие в университет отдавали предпочтение специальностям технического и естественно-научного направления. Поэтому наибольший конкурс был по таким специальностям, как радиотехника, электроника и телекоммуникации, информационные системы, автоматизация и управление, стандартизация, сертификация и метрология, биотехнология. Также популярными среди абитуриентов остаются переводческое дело, международные отношения, юриспруденция, финансы, учет и аудит, экономика и международное право. Высокий конкурс на поступление в магистратуру и докторантуру. По отдельным специальностям

количество претендентов превышает 20 человек на одно место.

КазНУ гордится своими выпускниками, их востребованность и успешность являются ключевыми показателями деятельности вуза. Работодатели при приеме на работу отдают предпочтение специалистам с дипломом КазНУ. Они востребованы в самых разных отраслях экономики и сферах жизни страны.

КазНУ входит в топ 250 лучших вузов мира и является ведущим центром образования, науки и инноваций. Университет активно развивает международное сотрудничество, программы дублированного образования с известными вузами мира, обучение на английском языке, внедряет новые образовательные программы и технологии обучения с учетом требований работодателей, передовые методы управления, ориентированные на результат. В КазНУ первокурсников ждет интересная и насыщенная студенческая жизнь в уникальном кампусе есть все условия для успешной учебы и реализации творческого потенциала.

ПРЕСС-СЛУЖБА


БҮГІНГІ САНДА:

КҮН ТӘРТІБІНДЕ –
ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ



2-бет

КОНСТИТУЦИЯ –
МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ



3-бет

ҚАЗҰУ ЖАСТАРЫ
EXPO-ДА



7-бет

КҮН ТӘРТІБІНДЕ - ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ



Ректорат мәжілісінің жаңа оқу жылындағы алғашқы отырысы биылғы жылы бірінші курсқа қабылданған студенттерге электронды рұқсаттық құжат беру ережесін таныстырумен басталды. Ректорат мүшелерінің қатысуымен өткен жиынды ашқан университет ректоры Фалым Мұтанов студенттер мен қоғам қауіпсіздігін сақтау бүгінгі күндегі басты мәселе екендігіне назар аударды.

Электронды рұқсаттық құжат беру жоспары және тәртібі туралы жиында IT-инфрақұрылым басқармасының басшысы Сәбит Бұтақұлов хабарлама жасады. Студенттердің қауіпсіздігімен қатар, жайлы тұрмысы мәселесі Өндірістік және мәдени-тұрмыстық мәселелер жөніндегі департамент директоры Ғимадиден Қанаевтың баяндамасымен жалғасты. Оқу ғимараттары мен жатақханалардың 2017-2018 оқу жылына дайындығы туралы баяндаған департамент директоры өз сөзінде құрылыс жұмыстарының нәтижесі бойынша биылғы жылы жалпы аумағы 86 675 шаршы метрді құрайтын аумақ қайта жөндеуден өткізіліп қолданысқа берілгендігін жеткізді. «Жатақханалар мен оқу ғимараттарының қабырғалары ақталып, сырланып, еден төсегіштері ауыстырылып, жалпы саны 9 оқу ғимаратына жөндеу жұмыстары жасалынды», – деді Ғимадиден Захарұлы. Сонымен қатар ол 22 тамызда Алматы қаласы әкімдігі қызметкерлері, СЭС өкілдері, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен құралған арнайы комиссия жатақханалардағы дайындықты кешенді түрде тексеріп, он баға бергендігін тілге тиек етті.

Жиын барысында Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Айжан Болатханқызы академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру туралы мағұмат берді. Ол аталған бағдарлама бойынша жалпы білім алуға бөлінген орындар, соның ішінде жыл сайын факультеттерге берілетін орындар, бағдарлама шеңберінде шетелге барған студенттер саны, байқауға қатысу үшін құжаттар қабылдау уақыты және бағдарлама талаптары туралы мәселелерді басты назарға алды. Сондай-ақ департамент директоры биылғы жылы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алуға бөлінген орындар санын менгері алмаған факультеттер тізімін көрсетіп, бағдарлама бойынша оқуға АҚШ және Европа елдеріне ғана баруға рұқсат

етілгенін айтты. Сондай-ақ мәжілісте әл-Фараби кітапханасының жаңа оқу жылына дайындығы, 2016 жылы бітіруші докторанттардың қорғау нәтижелері және 2017 жылы бітіруші докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін аттестаттау қорытындылары туралы басқарма басшыларының баяндамалары оқылып, күн тәртібіндегі өзге де өзекті мәселелер талқыланды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Жоғары мектеп менеджерлерін жоғары оқу орнынан кейінгі даярлау жүйесін құру Қазақстан Республикасының интеллектуалды әлеуетін дамыту механизмі ретінде» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел болып өтті.

МАҢЫЗДЫ ШАРА

Шараға Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекетті басқару академиясының өкілі, п.ғ.д., профессор З.А. Исаева, ҚазҰУ философия және саясаттану факультеті, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы, ҚР жоғары оқу орны өкілдері, отандық және халықаралық сарапшылар қатысты.

Жиынды алғы сөзімен ашқан ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Масалимова жоғары мектеп менеджерлерін даярлаудағы бірқатар негізгі жүйелерге тоқталды. Шара барысында сөз алған ҚР Президенті жанындағы мемлекетті басқару академиясының өкілі, п.ғ.д., профессор З.А. Исаева өз баяндамасында «Білімді қоғамды құру үшін жоғары білім беру жүйесіндегі бірнеше аспектілерге мән беру керек, соның ішінде – басқару, қаржыландыру, сапаны қамтамасыз ету, ғылыми зерттеулер мен инновациялар, академиялық өсу», – деп атап өтті.

Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры К.Ж. Аганина: «Білім беру саласында менеджерлерді дайындау білім беруде инновациялық тұрғыларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан, қазіргі таңда Қазақстан жоғары оқу орындарында білім алушыларды тек ғылыми қызметкер, оқытушы ретінде ғана емес, бәсекеге қабілетті, жана ақпараттық-коммуникациялық технологияларды менгерген, заманауи менеджер тұлғасын дамыту қажеттігін» атап айтты. Сондай-ақ білім беру менеджерлерін даярлау жүйесіндегі заманауи тенденциялар, жобаны жүзеге асыру барысында құрылған кәсіби білім беру бағдарламаларының жана модульдерін анықтау, білім беру саласындағы менеджмент, қашықтықтан оқу бағдарламасын жасау мен жүзеге асыру жайлы мәселелер дөңгелек үстелдің өзекті тақырыбына айналды.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

ЗНАКОМСТВО С КАЗНУ

В КазНУ им. аль-Фараби прошла ориентационная неделя для первокурсников, в ходе которой новые студенты познакомились с историей, традициями и правилами университета.



Для первокурсников были организованы экскурсии по кампусу, много интересного они узнали в музеях истории КазНУ и Аль-Фараби, библиотеке. Кроме того, они ознакомились с академической политикой КазНУ, Кодексом чести студентов, положением о студенте, правилами внутреннего распорядка, работой и предоставляемыми услугами центра обслуживания студентов «Керемет», прошли регистрацию и обследование в медицинском центре университета. Впереди их ждут лидерские лекции на факультетах, с участием известных ученых и успешных выпускников КазНУ, встречи с активом студенческого самоуправления, презентации

общеуниверситетских социально-инновационных проектов «Al-Farabi university – smart city», «Айналанды нұрландыр», «100 кітап», «КазНУ-грин кампус», «Культ здорового тела» и других.

Процесс заселения первокурсников в общежития, где для студентов созданы все условия для успешного обучения и жизни, завершён. Кураторы-эдвайзеры групп проконсультируют и окажут им необходимую помощь в решении возникающих вопросов. А в начале сентября первокурсники примут участие в выборах актива студенческих групп и факультетов.

Соб.к.к.рр.

ҚЫСҚА-НҰСҚА

ҚазҰУ-да Қоғамдық қабылдаудың «Қоғамдық бақылау» жобасы аясында «Мемлекеттік сатып алу да сыбайлас жемқорлық: таратылған белгілі тәсімі» атты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің әлеуметтік тапсырысы бойынша дискуссия өткізілді.

Шара аясында бірсыпыра сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселелер талқыланып, соның ішінде құрылыс пен жол салуға қажетті құрал-жабдықтар мен материалдарды мемлекеттік сатып алу барысында «бармақ басты, көз қысты» жағдайлар жиі кездесетіндігі тілге тиек етілді.

Дискуссиялық алаңның қорытындысы бойынша заңды жетілдіру жөнінде бірқатар ұсыныстар дайындалып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған тосқауыл қоюдың жолдары қарастырылды.

В КазНУ состоялась встреча проректора по учебной работе Аскара Хикметова с делегацией департамента образования провинции Шэньси (Китай).

Стороны обсудили дальнейшее сотрудничество, возможности обмена студентами и преподавателями в рамках академического сотрудничества, дублированного образования и проведения совместных летних школ.

В ходе встречи делегация посетила музей КазНУ имени аль-Фараби.

По окончании встречи, стороны пришли к соглашению о расширении взаимовыгодного сотрудничества.

ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің «Баспагерлік – редакторлық өнер» мамандығында білім алушы 3-курс студенттері аға оқытушы Дәрмен Смайылдың бастамасымен әлемге әйгілі «Instagram» желісінде @seltetkizer_resmi атты оқырмандар парақшасын ашты.


Бұл парақшаның негізгі мақсаты: жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандағы және шет елдердегі тек кітапқа байланысты ақпараттар мен кітап мерекелері жайлы оқырманға жеткізіп отыру. Кітап әлеміндегі жаңалықтарды үнемі біліп отырғыңыз келсе, жоғарыда көрсетілген инстаграм желісіне қосылыңыз!

Жуырда ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультеті, ҚазҰУ жанындағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық мәселелері жөніндегі институт, Логистика және геополитика орталығы, Франция қорымен бірлесіп отырып «Логистика және дипломатия» атты ғылыми семинар өткізді.

Француз профессорларының қатысуымен өткен шарада аталмыш саланың бүгінгі күнгі жай-күйі қозғалып, маңызды мәселелер төңірегінде пікірлер ортаға салынды.

КОНСТИТУЦИЯ – МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Жаңа конституциялық-құқықтық жүйені құру – егемен мемлекеттің қалыптасуының заңды процесі болып табылады. Оның жетілдірілуі демократияны, құқықты дамытудың және заңдылықты нығайтудың ең бір өзекті мәселесі. Конституция – мемлекеттің құқықтық жүйесінің өзегі, халық пен биліктің қарым-қатынасын айқындайтын басты құжат. Ол мемлекет өмірінің негізгі бастауларын – мемлекеттің құрылысын, саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйесінің негіздерін бекітетін, адамның қоғамдағы орнын айқындайтын темірқазықтай.



Атап өтерлігі, Конституция қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін бекітті. Қазақ жерінің байырғы халқының тілі болып табылатын тілдің болашағы үшін, ол халықтың мәдениетінің дамуы үшін әрі мемлекеттілікті нығайту және Қазақстан халқының бірлігін бекемдей түсу үшін мемлекеттік тіл мәртебесінің конституциялық тұрғыда бекітілуінің маңызы зор болды. Сондай-ақ Конституцияда жалпымен мойындалған, жалпыға танылған өзге де бірқатар демократиялық құқықтық идеялар мен қағидаттар бекітілді.

ҚР Конституциясы саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын іске асырудың, еліміздің құқықтық кеңістігінде терең өзгерістер жасаудың заңды нәтижесі болып табылды. Ол еліміздің экономикалық, әлеуметтік салада табыстарға жетуіне, қоғамда саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сол арқылы қазақстандық әрбір отбасының әл-ауқатының артуы мен өмір сүру стандарттарының өсуіне алғышарттар түзді. Ең бастысы, Ата Заң Қазақстанның демократиялық дамудың жаңа кезеңіне сеніммен нық аяқ басуына берік тұғыр жасап берді.

Әйгерім ЖАРБОЛОВА,

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының доценті

шешілмеген өзекті мәселелердің орын алуына байланысты қабылданған бұл құжат мемлекеттік билік пен қоғамдық жүйенің жетекші қағидаларын айқындады, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, экономикалық құрылыстың негіздерін айшықтады. Оның нормалары Қазақстан Республикасын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде таныта отырып, мемлекеттің мәнін, негізгі қасиеттерін сипаттайды, халықтың мәртебесін, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық болып табылатындығын

білдіретін билікті жүзеге асырудың негізгі қағидасын, республикада қолданылатын құқықтық, саяси, экономикалық жүйелерді, республиканың сыртқы саясатының басты бағыттарын көрсетеді.

Конституциялық ережеге сәйкес, республикада адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына болып танылады. Бұл адамзат қоғамымен және мемлекетпен жасалған барлық құндылықтардың ішінде нақ адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекет үшін ең қымбат құндылық екендігін білдіреді.

ҚазҰУ мұражайы марапатталды

Қазақстан Республикасының Ардагерлер ұйымы РҚҰ Орталық Кеңес Президиумының Қаулысымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мұражайы ҚР Ардагерлер ұйымының 30 жылдығына арналған байқаудың жеңімпазы атанып, Құрмет дипломымен марапатталды.

Қоғамдық мұражайлардың байқауы Отан қорғаушыларды мәңгі есте сақтау және халықаралық қатынастарды нығайту, мәдениет және спортты дамыту мәселелері бойынша жүргізіліп, тұрақты комиссияның төрағасы Марат Нағұмановтың басшылығымен нәтижеленді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мұражайы біздің халықтың рухани дәстүріне негізделген адамгершілік құндылықтарды жастар бойына қалыптастыру және патриоттық тәрбие беру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Алматы қаласы жастарының бойына рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиені сіңіру бағытында ҰОС ардагерлерінің, қалалық және аудандық комиссия өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстелдер, кездесулер, ерлік сабақтары мен өзге де шаралар өткізіліп тұрады. Мұражай ҚР ардагерлерінің Орталық Кеңесі ұйымдастырған байқауларға қатысып, бірнеше рет жеңіске жеткен.

Сондай-ақ университет мұражайы «Қазақстанның Үздік жоғары оқу орнының мұражайы» (2011, 2015 жж.), ІКОМ халықаралық мұражайлар Кеңесінің дипломымен, ҚР Бірінші Президенті қорының құрмет грамотасымен, Алматы қаласы мен Бостандық ауданының Ардагерлер кеңесінің Құрмет грамотасын иемденген.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мұражайын жеңісімен құттықтап, биік шыңдарды бағындыруын тілейміз!

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

Курсанттар ант қабылдады

Жуырда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әскери кафедрасында запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша оқу жиынынан өткен курсанттар әскери ант қабылдады. Биыл жігіттермен қатар қыздар да түлектер сабына тұрды. Әскери кафедраны тамамдаған 543 курсант ішінде алғаш рет 43 қыз бала байланыс мамандығы бойынша «лейтенант» офицерлік әскери атағын иемденді. Олар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің қатарына кіре отырып, Қазақстан халқы мен оның заңды сайланған Президентіне ақтық демі қалғанша адал болуға, өзінің егемен мемлекетінің Конституциясы мен заңдарын қастерлеп сақтауға салтанатты түрде ант берді.




Шараға қатысқан ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев әскери ант қабылдаған курсанттарды құттықтап, студенттердің білім алумен қоса әскери мамандық алуының артықшылықтарын атап өтті.

ҚазҰУ әскери кафедрасының бастығы полковник Олег Ажимов әскери ант сөзінің маңызына тоқталып, әскери кафедраның жоспарлы жұмысында кафедрада білім алып жатқан студенттермен қатар, Алматы қаласы

ЖОО студенттері мен мектеп оқушыларын да тәрбиелейтіндіктерін жеткізді.

Әскери қызметтің қыр-сырын менгерген түлектер сапта жүру тәртібін көрсетті. Қару-жарақпен жасалған саптық амалдар көз қуантты. Қоян-қолтық ұрыс тәсілдерін орындап, алған білімдері мен машықтарын көпшілікке паш етті.

Курсанттар атынан сөз сөйлеген Азамат Исхаков Отан қорғаушыларды жоғары деңгейде дайындағаны үшін әскери кафедра



оқытушыларына және туған университетіне алғыс білдірді. «Білім алу барысында біз әскери дайындықтан өтіп, азаматтық өмірде қажетімізге жарайтын тәрбиелік үрдісті ұйымдастыру, басқарма бөлімшелерінің дағдыларын білумен қатар заманауи жауынгерлік негізді менгердік», – деді ол.

Ерекше атаулы күні студенттерді ҚР ҚК Әуе Қорғанысы күштерінің бұрынғы бас қолбасшысының орынбасары, генерал-майор В.Бондаренко, отставкадағы полковник, Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрметті ардагері Қ.Мамсуров және курсанттардың ата-аналары құттықтады.

Іс-шара ант беру рәсімінен кейін көркем өнерпаздар мен әскери оркестрдің концертімен жалғасты.

Бүгінде әскери ант қабылдау рәсімі курсанттар үшін ғана емес, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жалпы ұжымы үшін үлкен мерекеге айналып, өскелең ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеуге өзіндік үлес қосуда.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

ҚазҰУ-да «Медициналық мекемелерде сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін негізгі себептер мен жағдайлар» атты дөңгелек үстел өтті

Қырық жылға созылған зобалаң

Хиросима қаласына тасталған алғашқы атом бомбасының жарылуынан бастап адамзат «атом дәуіріне» аяқ басты. Ол өз құзырына энергияның сарқылмас көзімен бірге, ғаламдағы барша тіршілікті жойып жіберуге қабілетті «сұмдық» қаруды алды. Ұлы Отан соғысының аяқталуымен АҚШ пен КСРО арасында «қарулану бәйгесі» басталды. Семей ядролық полигонын жасақтау – осының нәтижесі.



Семей полигоны – қыршынынан қиылған мыңдаған өмірлердің, талқандалған тағдырлардың, қасіретті көз жасы мен ауру-дерттің, кейінгі мутациялар мен оның қызметінің өзге де көптеген салдарларының ошағы. Қырық жылға созылған бұл зобалаңның зардабы ХХІ ғасырға жаңғырық болып жетуде.

КР Тұңғыш президенті, Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев 1991 жылы 29 тамызда Семей полигонын жабу туралы жарлыққа қол қойды. Елбасы атом бомбасы сынақтарының Қазақстан халқына, жер қыртысына және табиғатқа тигізген зардаптары жайлы әлемдік қоғамдастық алдында әлденеше рет сөз сөйлеп, ядролық қарусыздануды басты мақсат етіп ұсынды. БҰҰ Бас Ассамблеясы Елбасы идеясын қолдап, Қазақстан әзірлеген ядролық қарудан азат әлем құру туралы декларацияны бекітті. Жаңа кезеңде жер бетіндегі ядролық арсеналдың қуаты Херосима мен Нагасакиге тасталған бомбалардан 113 мың есеге артқанын ескерсек, бұл ұсыныстың адамзат үшін өмірлік маңызы зор. Еліміз ядролық қасіретті тартқандықтан, әлемді қауіпсіз етуге деген ұмтылысында ешқандай қиындықтарға бой бермесі анық. Біздің қоғам атомдық және өзге де тұтастай жойып жіберетін қаруды таратуды мүмкін емес нәрсесі ретінде қабылдайды.

– 1989 жылдың 19 қазанында жасалған. Әрекет еткен 40 жылда полигонда 500-ге жуық ядролық жарылыс болды, оның ішінде 90-ы ауада, 26-сы – жерде және қалған 400-ге жуығы – жерасты. Жердегі және ауадағы сынақтар 1963 жылға дейін жүргізілді. Полигонның шегінен 55 жер мен ауадағы және 69 жерасты жарылыстырының радиоактивті бұлттары шығып кеткен. Дәл осы 124 жарылыс Қазақстан аумағының біршама бөлігінің радиациялық ластануына алып келді.

Бүгінгі таңда әлем «5 – 1» формуласымен өмір сүреді, адамзаттың амандығы үшін ең қажеттісі «5 – 5» формуласының жүзеге асуы. Әлемдегі ірі ядролық полигон жабылғанымен де, қалғандары әлі де әрекет етуде.

XXI ғасыр – жылдам өзгермелі, көпжақты, сан-салалы әрі анағұрлым өзара тәуелді. Әлемде жаһандық және аймақтық қауіпсіздікте жаңа мәселелер туындап жатса да, ядролық қару жалпы адамзат үшін анағұрлым қауіпті болып қала бермек. Қателікке бой алдырмас үшін барша әлем Семей полигонының зардабын білуі әрі ұмытпауы тиіс.

Әлия ӨМІРБЕКОВА,
философия және саясаттану
факультетінің доценті

Қазақтың маңдайына біткен даналықтың, даралықтың тұғыры болған Абайдың мекені кеңестік дәуірде жарты ғасырға жуық ядролық сынақ аймағына айналды. ҰОС-да орасан шығынмен жеңіске жеткен кеңестік үкімет жаппай қырып-жоятын қару ойластыруда қарсыластарын шаң қаптырды десе де болады. Алайда кеуде керген мақтаныштың астарында халықтың көл-көсір көз жасы, жан ауыртар шері жатты. Аңғал, бейқам елді билеп-тестеп, өз жоспарларын жүзеге асыруда кеңестік саясат ештеңеден тартынбады.

Абай жеріндегі қасірет



Жер бетіндегі алғашқы жарылыс 1949 жылы басталған еді. Алайда 1953 жылға дейін қарапайым халық не болып жатқанынан мүлдем хабарсыз еді. Олардың наразылығын естір құлақ, көрер көз болмады. 1955 жылы 22 қарашада ТУ-16А әскери бомбалағышы Семей полигонының үстінен ұшып бара жатып, қуаты 1,7 мегатонна болатын жанадан жасалған термоядролық РДС-37 зарядын тастады. Бомба бір жарым километрлік биіктікте жарылды. Бұл жарылыстың соққы толқыны мен жер қабатының дірілі Қазақстанның бүкіл дерлік аумағы мен Ресейдің көршілік аймақтарына да сезілді. 1962-1989 жылдар арасында Семей полигонындағы Дегелең тауының жер астындағы шахталарында 340 жарылыс жасалды. Бұл арада жыл сайын 14-18 ядролық сынақ өткізіліп тұрды. Осынау жарылыстың салдарынан бір кездері жартастардан құралған Дегелең тауы іс жүзінде қиыршық тас үйіндісіне айналды. Жер астындағы әрбір үшінші жарылыстан соң, жарылыс нәтижесінде пайда болған жарықтар мен саңылаулардан радиоактивті газ шығып жатты. 1989 жылы 12 ақпанда кезекті жоспарлы ядролық сынақ өткізілді. Үнгірлердің бірінде қуаты 70 килотоннадан астам ядролық заряд жарылды. Соның салдарынан жер бетінде саңылаулар пайда болып, олардан екі тәулік бойы радиоактивті газдар шығып жатқан. Содан пайда болған радиоактивті бұлт 30 мыңнан астам адам тұратын аумақты бүркеді. Бұл аймақта радиациялық деңгейі 3000-4000 микрорентгенге жетті. Бұл көрсеткіш қалыпты жағдайда сағатына 15-20 микрорентген болатын табиғи радиациялық фоннан екі жүз есе асып түсті. Осының нәтижесінде полигон аймағында өмір сүріп жатқан халық бұрын-соңды естіп көрмеген неше түрлі дертке шалдықты. Өкпе мен сүт бездерінің рагы, лимфогемобластоз және басқа да қатерлі ісіктің патологиялары жергілікті тұрғындардың жан азабына айналды. Жалпы алғанда рак ісігі сынақтар басталған соң үш есе өскен. Тәндік және естік кемшіліктері әрқилы сәбилер дүниеге ерекше көп келді. Адамдар ағзасында басқа да әртүрлі ауытқулар көбейді. Еш себепсіз өз-өзіне қол салушылардың саны күрт артып кетті. Мамандардың айтуынша, соның бәрі радиацияның кесірінен болатын

генетикалық мутациямен байланысты. «Әрі ғалым, әрі залым, Ел түбіне сол жетер», – деп Шәкәрім ғұлама айтқандай, Лаврентий Берия, Сергей Курчатов бастаған атақты ғалымдар атом бомбасының қуатын сырттай бақылап, қорытындыларын жасаумен болды.

Елдің кайғы-шері шегіне жетті. Абайдың табиғат лирикасын оқып тамсанған жұрт Абай еліне келіп, көңілдері құлазып қайтатын болды. Бір кездері шалғыны шөккен түйе таптырмайтын, жидегіне ат тұғы боялатын құнарлы топырақ күлге айналды. Жүгірген аң, ұшқан құс кездеспейтін өлі дала жүрегінді сыздатады.

Семей ядролық полигонындағы сынақтардың әсері туралы алғашқы шын да жүйелі деректер Қазақ КСР Ғылым

академиясы жүргізген кең ауқымды медициналық-экологиялық зерттеулердің нәтижесінде алынды.

Зерттеулерді, ғылыми экспедицияларды профессор Б. Атшабаров басқарды.

Бұл орайда ең қауіптісі – иондалатын радиацияның ықпалы гендік кодты дауасыз өзгерістерге соқтыруға мүмкін екендігі.

1989 жылдың ақпанында Семейдегі атом полигонын жабу үшін күресті бастауға ұйғарған «Невада – Семей» қозғалысының алғашқы митингісі өткізілді. Оны белгілі қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов басқарды. Сол жылдың 6 тамызында Семей облысының Қарауыл ауылында ядролық қаруды сынауға мораторий жариялау жөнінде КСРО және АҚШ Президенттеріне арналған үндеу қабылданды. Онда былай делінген болатын: «Сайын даламыз ядролық жарылыстардан қалтырап бітті, сондықтан да онда ары қарай үнсіз қалу мүмкін емес. 40 жыл ішінде бұл арада мыңдаған Хиросималар жарылды. Біз келешекті қауіппен күтудеміз. Уайымсыз отырып, су мен тамақ ішу, өмірге нәресте әкелу мүмкін емес болып барады. Қазақстандағы ядролық қаруды тоқтату үшін, өз үйімізде бейбітшілік пен тыныштық орнату үшін, өз құқықтарымыз үшін күресу мақсатында біз «Невада – Семей» қозғалысын құрдық». Осылайша ашынған халық бір дауыстан «Ядролық қаруға жол жоқ!», «Сынақтар тоқтатылсын» деп мәлімдеді.

«Невада – Семей» қозғалысының нәтижесінде мемлекетіміз ядролық қаруға қатысты гуманистік іс-шаралар жүргізді. Қазір Абай жері жарылыссыз өмір кешуде. Қазақ халқының тарихында болған бұл қасіреттің зардабы бүкіл адамзат үшін сабақ болары сөзсіз.

Қарлығаш БОРБАСОВА,
философия және саясаттану
факультетінің профессоры

АЛАШТАН ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ДЕЙІН

Міне, Қазақстан тәуелсіздік алғалы да ширек ғасырдан асты. Мемлекеттілікті нығайтуда бір елдің тарихы үшін бұл аз уақыт емес. Осы уақыт ішінде біз кеңестік модельден нарықтық экономикаға өтіп, аяғына нық тұған, дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдерімен тең дәрежеде сөйлесе алатын елге айналдық. Ендігі міндет – дамыған отыз елдің қатарына кіру және Елбасының «Мәңгілік ел» идеясын іске асыру!



Тақыр жерден ешнәрсе өнбейтіні сияқты тәуелсіздік те бізге жоқ жерден келген жоқ. Тәуелсіздік пен қазақ мемлекеттігін жаңғырту идеясы Алаш қозғалысынан және оның қайраткерлерінен бастау алады. Биыл Алаш партиясы мен Алаш Орда өкіметінің құрылып қызмет ете бастағанына тура 100 жыл толды.

Қазақ халқы өз тәуелсіздігі мен ұлт ретінде сақталу күресін бір сәтке де тоқтатқан жоқ. Тек әр тарихи кезеңде бұл күрестің түрі өзгеріп отырды. Егер XVIII-XIX ғасырларда қазақ халқының Ресей империясының отарлық саясатының озбырлығына қарсы күресі ашық, қарулы қақтығыс ретінде сипатталса, XX ғасырдың басында қазақтың либералды-демократиялық интеллигенциясы автономияға қол жеткізуде заңды жолмен, реформалар арқылы мемлекеттік құрылымды өзгерту үшін саяси күрес әдісін қолданды. Алаш партиясы бағдарламасының «Мемлекет қалпы» деп аталатын бірінші бабында «Ресей президенттік басқарумен федеративті республика болуы тиіс. Қазақстан оның құрамына ұлттық-территориялық автономия ретінде кіреді» делінген. Әрине, мұндай нәтижеге тек эволюциялық жолмен, реформалар арқылы келу мүмкін еді.

Бірақ, қазақ халқы патша өкіметіне қарсы 1916 жылы да, кеңес өкіметінің азамат соғысы және күштеп ұжымдастыру кезіндегі елді құрдымға апаратын саясатына да қарсы қарулы күресін жалғастыра берді.

Өздерінің ұстанымдары мен ұлт мүддесін қорғағаны үшін 1937-38 жылдары қазақ халқының барлық бетке ұстар азаматтары жаппай сталиндік репрессияға ұшырады. Ұлттық интеллигенция түгел қудаланып жазаланды. Бұл саяси қуғын соғыс кезінде де, соғыстан кейін де тоқтаған жоқ. 1950 жылдардан бастап қазақ зиялыларын қудалаудың екінші кезеңі басталды. Ол кезде қазақ зиялылары өздерінің саяси көзқарастары үшін емес, ғылыми пікірі мен ұлттық ұстанымдары үшін қудаланды. Ойлаңызшы, «Абайдың ақын шәкірттері» сияқты тақырыптарда ұлттық әдебиет пен тарихты зерттеп жүрген жас ғалымдар қудаланып сотталды, ал домбырада ойнау феодалдық құрылымды насихаттаумен пара-

пар болды. Осындай жағдайда қазақ халқының алдында енді ұлт ретінде құрып кетпей, ұлттық ерекшеліктерді сақтап қалу міндеті тұрды. Заманның тарлығына қарамастан, қазақ зиялылары бұл міндетті абыроймен атқарып шықты. Бүгінде Қазақстанның мәдениеті мен ғылымын М.Әуезов, Қ.Сәтпаев, М.Түлебаев, Е.Бекмаханов, І.Есенберлин т.б. тұлғаларсыз елестету мүмкін емес. Сондықтан да бүгінгі қол жеткізіп отырған тәуелсіздік қазақ халқының 30 жылдардағы аштық пен саяси қуғын-сүргін кезінде қаза болған миллиондаған азаматтарының қанымен келген.

1950-1960 жылдары «Халықтар достығы зертханасында» құрып кетпеу үшін қазақ халқы өзін-өзі сақтаудың ішкі механизмін қосып, өз өміршеңдігін жалғастырды. Бұл механизм қазақ жерінде неміс автономиясын құрмақшы болғанда және 1986 жылдың желтоқсанында анық көрінді. Ал Ж.Тәшеневтің қайраткерлігіне қандай баға береміз! Сол кездегі қазақ зиялыларының әдебиет пен тарихта, өнерде көтерген тақырыптарының өзі отарлық идеологияға қарсы күрес ретінде сипатталуы керек.

Сол себепті де тәуелсіздік кездейсоқ келді деген көзқарас мүлде жаңсақ! Егер кезінде Қазақстан Беловеж тоғайында өткен кеңеске шақырылмаса, бұл да орталықтың қазақтарға әлеуметтік жарылысқа және саяси күреске жақын тұрған ұлт ретінде қарағандығынан болса керек...

Алаш қозғалысының тарихы жиырма жылдан аспайды. Бұл әлемдік тарих үшін қас-қағым сәт. Бірақ, егер біз тарихымызды уақытпен емес істелген іспен бағалайтын болсақ, Алаш зиялыларының ұлт үшін істеп кеткен еңбегі ұшан-теңіз! Олар, ең бастысы, қазақ мемлекеттілігінің концепциясын жасап кетті.

XX ғасырдың басында «Алаш» партиясы мен Алаш Орда үкіметінің пайда болуы – қазақ саяси элитасының өз халқының болашақ даму тағдырына байланысты мәселелерді шеше алатын азаматтық тұрғыдан кемелденгенін және жоғары потенциалын көрсетеді. «Алаш» қайраткерлері және қазақ зиялылары қазақ мемлекеттілігінің қайта жаңғыруына негіз болды. Халықтың сана сезімін мемлекеттік деңгейге дейін көтерді.

Бүгін біз 1920 жылдары Алаш Орда мүшелері шекарасын анықтап кеткен мемлекетте өмір сүріп жатырмыз. Олар Орта Азиядағы ұлттық-территориялық межелеу мен қазақ жерлерін біріктіру үдерісінде үлкен белсенділік танытып, қазақ жерлерінің тұтастығын сақтап қалуға бар күшін жұмсады. Олар өз халқының нағыз патриоты мен мемлекетшіл азаматтары еді. Өз халқының тарихтың сыртында қалып қоймауын қалап, өркениеттің әлемдік көшіне қосуға бар жан-тәнін салды. Олардың басты мақсаты – қазақ халқына өз тағдырын өзіне шешуге мүмкіндік беру, басқа елдермен терезесі тең тәуелсіз мемлекет құру болды. Алаш зиялылары қазақ халқының деңгейін Жапон сияқты Азияның озық елдерінің дәрежесіне жеткізуді көкседі. Сол себепті де оларға кейін «жапон тыңшылары» деген жала таңылды. Өз сертіне адал асыл азаматтар отызыншы жылдары түгел сталиндік репрессияға ұшыраса да олардың өмірі, қызметі, күресі зая кеткен жоқ! Қазақ мемлекеттілігі қайта жаңғырып, тәуелсіздікке қол жеткіздік. Алаш зиялыларының қазақ мемлекеттілігін жаңғырту идеясы мен қазақ халқының өзінің ұлттық мүддесі үшін тоқтаусыз жүргізген күресі болмаса, тәуелсіздіктің бізге келер ме?!

Алаш көсемі Ә.Бөкейханов: «Мемлекеттілігі жоқ халық – басыбайлы жетім халық» деген болатын. Сондықтан да Тәуелсіздік – өз болашағын ойлайтын әрбір халықтың басты құндылығы. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы толығымен Алаш идеяларының іс жүзіне асуы болып табылады. Солардың ішінде Елбасымыз басып айтатын ұстанымдар да бар: тең құқылық, бейбітшілік пен қоғамдық келісім, ұлттың мәдени прогресі, меритократия, мемлекеттік тіл, мемлекеттік басқаруға бұқара халықты тарту...

XX ғасырдың басында туылған Алаш идеясы бүгін де тәуелсіз Қазақстанның мүддесі үшін қызмет етуде. Уақыт өтер, ұрпақтар ауысар, бірақ қанша ғасыр өтсе де Алаш зиялыларының рухани тәжірибесі мен қоғамдық ой мұрасы Қазақстан халқын тарих толқынында «Мәңгілік ел» бағытында жетелей береді.

А.К. ЖҰМАДІЛ,
т.ғ.к., Қазақстан тарихы
кафедрасының доценті

АЛАШТАН ҚАЛҒАН АСЫЛ СӨЗ

Әлихан БӨКЕЙХАН:

Қазақ – баладай аңғал, сүттен ақ, судан таза, бүлінбеген халық.

Озғандарға жету керек, жеткендерімізден озу керек. Дүниенің төріне тырмысқандар, төрден орын алып жатыр. Тырмыспағандар есікте қалып жатыр: есікте қалмай, төрге тырмысалық. Басқалар төрге қалай бара жатқанына қарап, біз де солардың істегенін істейік. Би әділ болмай, жұрт ісі ілгері баспайды.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ:

Басқадан кем болмас үшін білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек, бай болуға – кәсіп керек, күшті болуға – бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек.

Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта, адамы құрымай, жоғалмайды.

Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік.

Адамға ең керек нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі.

Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы.

Халел ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ:

Түркі қауымы – ислам дүниесіне қосылып, із-түзсіз сіңісіп кететін элемент емес, өз елінің жоғары мәдениетімен тәрбиеленіп келген ел. Түркі қауымы Иран, Жүһүт мәдениетіне қарсы бір мәдениет.

Елімізде салтымызға, тұрмысымызға сай түзелген көп ойындар бар. Бұларды менсінбей, ұмытып барамыз. Біздің кейбір ойындарымызға Еуропа жата танданады.

Міржақып ДУЛАТҰЛЫ:

Үкімет халыққа таянып іс қылуға тиіс.

Үнемі үкіметке сүйенген халық ілгері баса алмайды. Бұл заманда әскері жоқ жұрт – жұрт емес, құл. Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз. Бір жол – құлдық жолы. Әскер деген сөзден бұрынғыдай ат-тоннымызды ала қашатын болсақ, осындайда жігімізді ашып, жер-суымызды қорғап, билігімізді өзіміз алып қалмасак, күні ертең бізді алдына салып айдап жүруге ие табылады.

Орыстың атты әскері «қазақ» атанғандықтан, біздің қазақ өзінің атынан айырылып, «қырғыз» атанып жүрмекші емес. Қияметке дейін қазақ – қазақ болып жасамақ.



ҚазҰУ ректоры **Ғ. Мұтанов** бастаған бір топ ғалымдар **Шоқан Уәлиханов** жерленген киелі мекенге арнайы сапармен барып қайтты

EXPO
2017
ASTANA
FUTURE ENERGY

Дүние жүзін едіктірген ЭКСПО-2017 көрмесі



Биылғы жылы бүкіл әлем көз тіккен айтулы шараның бірі әрі бірегейі – Қазақ елінің бас шаһары Астана қаласындағы дүниежүзілік ЭКСПО-2017 көрмесі.

инновациялық жобалары осы көрменің бірнеше павильондарына қойылып, көпшілік назарына ұсынылды. Осы тарихи оқиғаны фото-бейне материалға түсіріп алмау бізге сын еді. Бүгінде көрме жайында және оған қатысқан университеттің жобалары туралы арнайы деректі фильм әзірлену үстінде.

Үлкен аумақты алып жатқан көрме кешенінің ғаламаты бірден сезілді. Алғашқы бейнетүсірілімді Польша елінің павильонынан басталдық. Польша-Қазақстан бірлескен сауда-өнеркәсіп палатасының президенті Петр Гузовскиймен алдын ала келісім де жасалған болатын.

Түсірілім жұмыстары келесі күні таңертең өз жалғасын тапты. Бұл күні көрмеге өз жетістіктерін қойған шетел павильондарын аралап, біздің университет ұсынған ғылыми-инновациялық жобаларға сәйкес келетін тақырыптарды бейнеге түсірдік. Атап айтар болсақ, алдыңғы қатарлы дамыған Еуропа елдерін айтпағанның өзінде Қиыр Шығыс елдері, Вьетнам, Латын Америка Плазасының көрмеге қойған туындылары ерекше екен.

Мексика елінің осы көрмедегі комиссары Марта Каталина Жарамилло Домингуэз өз елінің Қазақстанмен байланысы жайлы, оның

ішінде болашақ энергиясын дамыту жайында, іске асып жатқан және жүзеге асатын жобалары жайлы әңгімеледі.

Сонымен қатар, Вьетнам елінің арнайы өкілі Аруна, сол елдің тарихы, мәдениеті және жалпы павильоны жайында толыққанды түсіндіріп берді.

Түсірілім тобы таңертеңнен ЭКСПО қалашығынан табылып, барлық елдердің павильондарын көріп үлгеруге асықтық. Фотосуретке де, бейне түсірілімге де уақыт тауып, еріктілердің де пікірлерін жазып алып отырдық.

Кезекті түсірілім осы көрменің негізгі өзегі – 8 қабатты «Нұр-Әлем» сферасында орналасқан Қазақстан павильонында жалғасты. Бұл көріністер шынымен де көрген адамның танданысын тудырады. Ерекше соғылған ғимаратының өзі көз тартып, онда орналасқан болашақтың энергиясы – күн, жел, су, биомасса энергиялары сипатталған қабаттар ерекше әсер сыйлайды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының ғылыми-өндірістік жобалары павильонның бірінші және төртінші қабатында орналасқан екен. Бірінші қабатта университет ғалымдары: В.Н.Косов, В.Е.Мессерле, О.А.Лавришев және Е.Сванбаевтың ғылыми-инновациялық жұмыстарының макеттері және осы жобалар жайында арнайы үш

тілде (қазақ, орыс, ағылшын) дайындалған бейнетаныстырылым көрсетілетін мониторлар қойылған екен. Көрмеге келген көрермен қалаған тілді басып, жоба жайлы толық ақпарат ала алады.

Сфераның төртінші қабатында университетіміздің тағы бір ғалымы, биология және биотехнология факультетінің деканы, б.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Болатхан Заядан бастаған ғалымдардың жобаларымен таныстық. Бұл арнайы түсірілім болғандықтан, Болатхан Қазыханұлы арнайы сұхбат берді. Ол биомасса энергиясы, оның ішінде балдырдан алынатын қуат көзі жайында қызықты да толыққанды мәліметтер келтірді.

Айта кетерлігі, бізбен бірге осы күні көрмені тамашалауға аса мәртебелі мейман – Қазақ елінің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та келіп, бүкіл павильондарды аралап шықты.

Еліміз үшін аса маңызды әрі тарихи оқиға – ЭКСПО-2017 көрмесін тамашалап, фото және бейне түсірілім жасауға мүмкіндік туғызғаны үшін оқу орнының басшылығына ризашылығымызды білдіреміз.

Д. МҰХАМЕДЖАНОВ,

*ҚазҰУ телерадиокешенінің директоры,
журналистика факультетінің оқытушысы
Алматы-Астана-Алматы*



Жақында ҚазҰУ-да ҚР Конституциясы күніне арналған «Қазіргі Қазақстандағы этносаралық және конфессияаралық келісім моделі» атты конференция болып өтті. Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасы, Қазақстан Республикасындағы лаңкестік және экстремизм мәселелерін зерттеу бойынша орталығы, ҚазҰУ-дың Дінтанулық зерттеулер және экспертиза орталығының ұйымдастыруымен өткен шараға отандық ғалымдар, этномәдени бірлестіктердің өкілдері, дәстүрлі дін өкілдері, дін саласындағы теолог-сарапшылар, үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік органдар мен саяси партиялардың өкілдері, ҚР ЖОО магистранттары мен докторанттары қатысты.

Қазіргі ДІН МӘСЕЛЕСІ



Конференцияны философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Масалимова мен Алматы қаласы Діни істері департаментінің бастығы Айдар Есенбеков құттықтау сөзбен ашып, қойылған мәселенің маңыздылығына тоқталды.

Шараға қатысушылар Қазақстан Республикасындағы мәдени және дінаралық келісімді қалыптастырудың заңнамалық негіздерін, Қазақстан Республикасының Конституциясына сай азаматтардың дін саласындағы құқықтары мен міндеттерін,

экстремизмнің алдын алу және Алматы қаласының территориясындағы этносаралық қатығыс көріністерін болдырмау мәселелерін, жастар арасындағы экстремизмнің орын алу себептері және экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша превентивтік жұмыстар, Қазақстан халқының ынтымақтастығын күшейтуге бағдарланған этно-мәдени бірлестіктердің түрлі шараларын өткізу мәселелерін қарастырды. Сондай-ақ ғылыми сала мен білім беру жүйесін дамыту, тұрғындар арасындағы белсенді ақпараттық үгіт-насихат жұмыстары, дін саласындағы заңнама, дәстүрден тыс діни қозғалыстар, ұлттық мәдениетке жат діни ғұрыптық киім кию, салт-дәстүрдің дінмен байланысы бойынша сараптамалық және зерттеу жұмыстарын дамыту, этностар мен конфессиялар арасындағы сұхбаттасу мәдениетін сақтау мәселелері жан-жақты талқыланып, ұсыныстар айтылды.

Айнұр КӘРІБАЕВА,
*дінтану және мәдениеттану
кафедрасының оқытушысы*

КазНУ посетил делегация университета Ёнсе во главе с президентом Ёнг Хак Кимом

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздің жарқын болашағы – студент-жастарды қолдаудан шет қалған емес. Ұлттық университетте студенттердің өмірін қызықты да мағыналы ұйымдастыруға көптеген жастар ұйымдары жұмылдырылған. Солардың бірі әрі бірегейі – «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағы.

ҚазҰУ жастары ЕХРО-да



әр мүшесінің жүрегінде мәңгі сақталарына сенімдімін. Сондай-ақ, бұл саяхат бір-бірімізге деген бауырластығымыз бен достығымызды еселей түсті. Әрі ұйым басшыларымен қарым-қатынасымызды нығайтып, жаңа достар қатарын ұлғайтты. Жүректің төрінен орын алған естелік болды. Кәсіподаққа айтар алғысым шексіз.

Қуандық ЗӘКЕНОВ,
филология және әлем тілдері факультетінің 3-курс студенті:

–Қазіргі таңда елімізде болып жатқан ең ауқымды жобалардың бірі –ЕХРО-2017 көрмесі екендігі белгілі. Аса ірі, ең үздік ғылыми тәжірибелер қойылған, заманауи ең озық технологиялармен жабдықталған көрмені көргенде бойымызда ерекше қуаныш сезімі пайда болды. Көрмені аралау барысында тың дүниелермен танысып, әр павильоннан алған әсерімізді сөзбен айтып жеткізу қиын.

Көпшілігімізге, ең алдымен, өз еліміздің «Нұр-Әлем» павильоны, одан кейінгі кезекте

мен Ресей ғалымдарының металл өткізгіштігін арттыратын жаңалығы қатты ұнады. Елімізде осындай ауқымды шараның өтуін үлкен жетістік деп білемін.

Жасұлан ҚУАНДЫҚ,
Экономика және бизнес жоғары мектебінің 4-курс студенті:

– Елордамызда өтіп жатқан әлемге әйгілі ЕХРО көрмесін тамашалап қайттым. Барлық мемлекеттердің көрме тақырыбын ашу үшін көп еңбектенгені көрініп тұр. Бірі елінде қолданылып жатқан болашақтың энергиясын көрсетсе, бірі болашақтың энергиясына идея бергендей. Ерекше атап көрсетер нысандар жетерлік.

Солардың ішінде ұлттық болмысымызды дәріптеген, әр қабаты әр энергияны сипаттаған «Нұр-әлем» павильонын айтпасақ болмас. Өз кезегінде халықаралық және отандық компаниялар да «Болашақтың энергиясы» тақырыбын аша білген. Арнайы жасалған тақырыптық павильондар мен үздік тәжірибелер павильоны да көз тартады. Әр павильон өз кәдесыйларымен халық көңілінен шығуға тырысуда.

ЕХРО-2017 халықаралық көрмесі еліміздің әлемдік аренадағы өзіндік орнын табуға үлкен септігін тигізеді деген сенімдемін. Шара ұсынған Болашақтың энергиясы тақырыбы да қазіргі әлемдік мәселелердің ең өзектісі. Жаһандық мәселелердің шешімін табуға көрменің оң ықпал етері анық.



Нұрилла МЫРЗАБЕК,
филология және әлем тілдері факультетінің 3-курс студенті, «Ең үздік топ-2017» жобасының финалисі:

– Студенттік шак өмірдің ең керемет кезеңі деп есітуші едік. Бүгінде сол күйді кешіп те жүрміз. Естен кетпес естеліктер санаты да толысуда. Соның ішінде өзгеден ерек әрі өз қызықтарымен санада ерекше сақталғаны елордамыз Астанаға саяхат болды. Қара шаңырақ ҚазҰУ-дың белсенді студенттерінен құралған «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының елордаға жолдамасының негізінде көңілді кештер мен қызықты сәттердің, тамаша саяхаттың куәсі болдық.

Жалынды жастардың пойызды әнмен тербеуі, бір шаңырақ астында бірнеше күнді бірге өткізу, қайталанбас сәулетімен көз тартар бас қаланың кең көшелері мен судай жаңа ғимараттарын аралау, аяулы ұстаздың қолдан пісірген мейірім мен сүйіспеншілікке толы тіскебасарларымен берілген кешкі ас, бастысы, елімізді әлемге танытқан ЕХРО-2017 көрмесін мақтанышпен тамашалау – ең үздік топтың

Оңтүстік Корея, Германия, Ресей, Жапония, Түркия т.б. елдердің павильондары ұнады. Ойларымызды ортаға салып, әр павильонда көрген қызықтарымызбен бөлісіп жаттық.

Тәуелсіз қазақ жерінде әлемдік жоба ЕХРО көрмесінің өтуі – біз үшін зор мақтаныш. ЕХРО көрмесінің сәулет өнері көздің жауын алады. Көрмедегі түрлі ел павильондарының мәдениеті мен идеясы, белсенді волонтерлар қызметі, мемлекетіміздің дайындығы – бәрі жүйелі ұйымдастырылған. Айтулы шараны көзбен көру арқылы біз, жастар, ой түйдік, мол тәжірибе жинадық, әлем елдерінің жетістіктерін көрдік, Елбасымыздың «Елдің болашағы – білімді жастардың қолында» деген сөздерінің мағынасын терең түсіндік. «Қоғамның қозғаушы күші – жастар» болса, ел дамуының даңғыл жолында да ел жастарының атқарар рөлі айрықша. Сондықтан өз замандастарымды белсенді болуға, үздік болуға шақырамын!

Сауалнаманы жүргізген Нұрсәуле ИМАНМӘДИ

Кәсіподақтың университет деңгейінде атқарып келе жатқан шаралары студенттердің игілігі үшін қызмет етуде. Бүгінде 18 жылдық тарихы бар кәсіподақ ҚазҰУ студенттерінің әлеуметтік дамуын ғана қамтып қоймай, түрлі бағытта университеттік мега жобаларын өткізіп келеді. Олардың қатарында «Сұңқар кубогы» КВН чемпионаты, «Ең үздік студенттік топ» жобаларын ерекше атауға болады. Өткен оқу жылы шеңберінде аталмыш жобалардың жеңімпаздары ерекше сыйға ие болған болатын. 2017 жылдың шілде айында «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының қолдауымен отыздан астам студент, оның ішінде «Ең үздік студенттік топ-2017» жобасының финалистері мен «Сұңқар кубогы» КВН чемпионатының жеңімпаздары еңселі елордамыз Астана қаласындағы бүкіл әлем халқы көз тігіп отырған ЕХРО көрмесін тамашалап қайтты. Ендеше, әлемдік ғылыми және техникалық ақыл-ойдың тамаша жетістіктеріне куә болған студент-жастардың ой-пікірлерімен бөліссек.

Жамал ИСМАИЛ,
заң факультетінің 4-курс студенті:

– Қазіргі таңда еліміз үшін елеулі ЕХРО-2017 халықаралық көрмесін «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының қолдауымен көріп қайттым. Бес жыл бойы төгілген тер, атқарылған еңбек ақталуда. Мүмкіндігінше, барлық павильонды аралап шығуға тырыстық. Әр мемлекет өзінің ірі жобаларын ұсынған. Ұлттық ерекшелік пен салт-дәстүр де тыс қалмапты. Олардың ішінде маған ақылтеке жылқысының отаны саналатын Түркіменстан мемлекетінің ұлттық нақыштағы павильоны ерекше әсер етті.

Көпшілік бұл көрмеден жаңа өнертабыс пен инновация іздегені рас. Осы ретте Қазатомпром ұлттық компаниясының павильонынан атом станциялары дамуының жаңа қарқынын байқадық. Сондай-ақ топырақ пен өсімдік жамылғысынан алынатын энергия



Медали всемирной УНИВЕРСИАДЫ

Студенты КазНУ им. аль-Фараби на двадцать девятой Летней Универсиаде - 2017 в Тайбэе (Тайвань) завоевали четыре медали. В Универсиаде приняли участие 7639 спортсменов из 142 стран мира.

Тяжелатлет, студент второго курса кафедры физического воспитания спорта Денис Уланов, пополнил копилку сборной Казахстана золотой медалью одолев в упорной борьбе соперников в весовой категории до 85 кг. «Уезжая на соревнования я пообещал университету привезти золотую медаль и мне ничего не оставалось, как выполнить свое обещание», — отметил победитель ир.

Две медали принес сборной Дмитрий Баландин, серебряную в плавании на дистанции 200 м. брасом и бронзовую в заплыве на 100 м. Серебряным призером игр в прыжках с шестом, взяв высоту 5,5 м., стал еще один студент КазНУ Сергей Григорьев.

В КазНУ им. аль-Фараби активно развивается спорт высших достижений и физкультурное движение, культивируется свыше тридцати видов спорта. Клубная форма работы секций позволяет студентам заниматься физкультурой и спортом в удобное для них время и с большей эффективностью. Студенты КазНУ являются победителями и призерами Чемпионатов мира и Олимпийских игр, различных международных и республиканских соревнований.

Соб.кorr.



БІЛІМ МЕН ӨНДІРІС ҮНДЕСТІГІ

Болашақта дипломдық жұмыс жазуда, ғылыми жобаларды жүзеге асыруда, білікті маман ретінде қалыптасуда баспалдақ болып табылатын өндірістік тәжірибеден өтудің студенттер үшін маңызы зор. Осы орайда химия және химиялық технология факультетінің 3-курс студенттері мұнай өңдеу компаниялары мен кәсіпорындарында шыңдалып қайтты.



Алып компаниялардың бірі — Атырау мұнай өңдеу зауытына физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының іріктелген 13 студенті университеттің колдау көрсетуімен аттанды. Студент-жастар Атырау мұнай өңдеу зауытының үлкен бір организм екенін, онда жүретін процестердің қандай цехтарда іске асырылатынын көзбен көріп, сол цехтарда жұмыс істеді. Шикі мұнайдан бастап дайын өнімдерге дейінгі процестермен танысып, көп тәжірибе жинақтады. Ең негізгісі болашақта іске қосылуға тиісті мұнай мен газы терең өңдеу цехының құрылыс алаңдарында болды. Зауыттың болашағы зор екендігін сезініп, өз мамандықтары бойынша осы салада сұраныстың жоғары екендігіне көз жеткізді. Ол үшін ағылшын тілін меңгеріп, өз саласының жақсы маманы болу қажеттігін ұғынды. Өндірістік тәжірибе барысында зауыт туралы толық мәліметтер, ақпараттар жинап, техникалық құжаттармен етене танысты.

«Орталық зауыт зертханасымен салыстырғанда цехтарда жұмыс істеу әлдеқайда қызық болды. Сол себепті кокс және күкірт цехтарына барып, көптеген тәжірибе жинадық», — дейді студенттер.

Есеп беру нәтижесіне сүйенсек, Қазақстан анықталған мұнай қоры бойынша дүние жүзіндегі мұнай қорының 3%-ына ие. Дүние жүзі бойынша территориясында көмірдің ең үлкен қоры бар елдердің ішінде алдыңғы ондыққа және газдың қоры бойынша алдыңғы жиырма елдің қатарында екенін ескерсек, химия және химиялық технология

саласында білікті кадрларды дайындау аса қажет. Отандық өндірістің мәртебесін көтеру де өз жастарымыздың қолында. Осы мақсатта химия және химиялық технология факультетінің жетекші өндіріс орындарымен бірлесе отырып, ортақ ауқымды жұмыстарды атқарып жатқандығын айтқымыз келеді.

Н.Қ. ЖӘКІРОВА,
Л.Р. САСЫҚОВА,

өндірістік практика жетекшілері,
физикалық химия, катализ және мұнай
химиясы кафедрасы

ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУІ

ҚР Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығының 3 тармағына сәйкес, 2017 жылдың 18 қыркүйегінде сағат 16.00-де

Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтановтың есеп беру кездесуі өтеді.

Ұйымдастыру комитеті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Жазгерке ҚАРАТАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17

Тел: 8(727) 273-12-04

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №3022

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.